

КМҚК «№23«Ынтымақ»бөбекжай- бақшасы»

Білім саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Үлкен,кіші, кішкентай» Шаршы.



Ересек «Еркемай» тобы

Өткізген тәрбиеші: Ханатова.А.О.

2021/2022 оқу жылы.

**Тексерілді:** Ж.А.Аяшова.  
**Өтпелі тақырыбы:** «Әрқашан күн сөнбесін»

**Апта тақырыбы:** «Шөпте не жорғалайды?»

**Білім саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Математика негіздері.

**Тақырыбы:** «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Үлкен, кіші, кішкентай» Шаршы.

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау.

**Дамытушылығы:** Геометриялық фигура шаршы туралы пысықтау, шаршының көлемі әртүрлі болатынын түсіндіру. Үлкен, кіші, кішкентай ұғымдары туралы түсініктерін молайту.

**Тәрбиелігі:** Қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Тақырыпқа байланысты суреттер. Үлкен, кіші, кішкентай суреттер. Шаршының суреттері. Заттардың, сандардың суреттері. Дидактикалық ойын құралдары.

**Шаттық шеңбері.**

Бақшамызға барғанда,  
Жолыққан бар жандарға.  
Көңілді ақ пейілмен,  
«Қайырлы таң» дейміз біз.  
Қайырлы таң балалар,  
Қайырлы таң достарым.  
Біз ерекше баламыз,  
Біз еңбекқор боламыз.

**Жыл мезгілдерін сұрау.**

Қазір жылдың қай мезгілі?  
Көктем мезгілінің айларын атаңдар?  
Қазір қандай ай?  
Көктем мезгілінің ерекшеліктерін кім айтады?

Балалардың жауаптары.

Балалар, барлығымыз тақтаға қарайық. Жаңа тақырыпқа тоқталу.

Тақтадан нелерді көріп тұрсыңдар?

Балалар: Сандарды. Ендеше санайық. 0, 1, 2, 3, 4, 5.

Үлкен, кіші көлемдерді көрсетіп, тоқталу.

Шаршы туралы түсінік беру.

**1-тапсырма. Дидактикалық ойын: «Заттарды санмен сәйкестендір»**

**Мақсаты:** Заттарды санымен сәйкестендіру. 5 саны көлемінде санау қабілеттерін арттыру.

## **«Сәйкестендіру»**

**Мақсаты:** Балаларды зат пен санды сәйкестендіре білуге дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін, зейін процесстерін дамыту. Жарайсыңдар, 1-тапсырманы дұрыс орындадыңдар.

### **2-тапсырма. «Топтастыру».**

**Мақсаты:** Заттарды көлеміне қарай таба білуге үйрету. Үлкен, кіші, кішкентай ұғымдарын ажырата білулерін қадағалау. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру.

### **3-тапсырма. Дәптермен жұмыс.**

#### **Сергіту сәті.**

Жарайсыңдар, 3-тапсырманыда өте жақсы орындадыңдар.

**Бинго әдісі** арқылы сұрақтарға жауап алып оқу қызметін қорытындылап, аяқтау.

Шаршы туралы не білесің?

Сан мен затты сәйкестендір.

Бір аптада неше күн бар?

Тура және кері санау.

Үлкен, кіші, кішкентай ұғымдарын суреттен сұрау.

**Балаларды мадақтау.**